



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп
2024 жылға Қазақстан Республикасындағы
көлік өнімдері және көрсетілген
қызметтері (қатынас түрлері бойынша)
туралы

Мазмұны

S.1 Байланыс деректері

S.2 Кіріспе - өзектілік

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.5 Өлшем бірлігі

S.6 Есепті кезең

S.7 Құқықтық негіз

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.13 Сапаны басқару

S.14 Өзектілік

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.17 Салыстырмалылық

S.18 Келісушілік

S.19 Жүктеме

S.20 Деректерді қайта қарау

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Шукербаева Шолпан Тайшымановна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Мисюра Марина Владимировна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел 8 даңғылы, Министрліктер үйі, 4
кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

sh.shukerbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749771

S.2 Кіріспе-өзектілік

Көлік статистикасын қалыптастыру үшін негіз көлік кәсіпорындарының статистикалық нысандары болып табылады, олардың бірі 2-көлік «Көліктің қатынас түрлері бойынша жұмысы туралы есеп» және 2-ТР (қосалқы қызмет) «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындары көрсететін қызметтер туралы есеп» нысандары болып табылады.

Негізгі пайдаланушылар мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігіне және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қосарлануды болдырмауға егжей-тегжейлі талданады.

Респонденттермен және ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен кері байланыс Бюроның 1446 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

24.10.2024

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

24.10.2024

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

24.10.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

1. Жалпы пайдаланымдағы темір жол көлігіндегі статистикалық байқау объектілері жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жылжымалы құрам, жол және жол шаруашылығы, тасымалданатын жүктердің сақталуы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер болып табылады. Жалпы қолданыстағы темір жол көлігіндегі статистикалық байқау бірлігі темір жол, темір жол бөлімшесі, станция, темір жол көлігі кәсіпорны болып табылады.

2. Ішкі су көлігіндегі статистикалық байқау объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, флоттың, өзен және көл айлақтарының болуы, ішкі су кеме қатынасы жолдарының ұзақтығы, қайта тиеу жұмыстары, өзен және көл кемелерін пайдалану көрсеткіштері, ішкі су көлігінде көлік процесін жүзеге асырумен байланысты тасымалдау және басқа да қызметтің қаржылық нәтижелері болып табылады.

Ішкі су көлігіндегі байқау бірліктері ішкі су көлігі кәсіпорындары (порттар, пароходтар, кеме қатынасы компаниялары) және коммерциялық негізде ішкі су көлігінде тасымалдау, көлік-экспедиторлық және басқа да қызметті жүзеге асыратын экономиканың басқа салаларының кәсіпорындары болып табылады.

3. Теңіз көлігіндегі статистикалық байқау объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, флоттың, теңіз айлақтарының болуы, қайта тиеу жұмыстары, теңіз кемелерін пайдалану көрсеткіштері, теңіз көлігінде көлік процесін жүзеге асыруға байланысты тасымалдау және басқа да қызметтен қаржылық нәтижелер болып табылады.

Теңіз көлігіндегі байқау бірліктері теңіз көлігі кәсіпорындары (порттар, пароходтар, кеме қатынасы компаниялары) және коммерциялық негізде теңіз көлігінде тасымалдау, көлік-экспедиторлық және басқа да қызметті жүзеге асыратын экономиканың басқа салаларының кәсіпорындары болып табылады.

4. Автомобиль көлігіндегі статистикалық байқау объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, жылжымалы құрам, оны пайдалану, көлік жұмысының қаржылық нәтижелері болып табылады. Автомобиль және қалалық электр көлігіндегі статистикалық байқау бірлігі автокөлік құралдарын пайдаланатын кәсіпорындар, трамвайлармен, троллейбустармен және метромен тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпорындар, автокөлік құралдарының иелері жүктер мен

жолаушыларды коммерциялық тасымалдауды жүзеге асыратын жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер (бұдан әрі - ДК) болып табылады.

5. Жүктерді (газ, мұнай және мұнай өнімдерін) тасымалдау және магистральдық құбыржолдар құбыржол көлігіндегі статистикалық байқау объектілері болып табылады.

Статистикалық байқау бірлігі магистральдық құбыр иелері - кәсіпорындар болып табылады.

6. Жолаушыларды, жүктерді, пошта мен багажды тасымалдау, әуе кемелері паркі, әуе кемелері ұшуының тұрақтылығы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер әуе көлігіндегі статистикалық байқау объектілері болып табылады. Статистикалық байқау бірліктері кестеге бағынатын және бағынбайтын әуе көлігі кәсіпорындары (тұрақты және тұрақты емес тасымалдаушылар) болып табылады.

7. Қосалқы көлік қызметі бойынша статистикалық байқау объектілері сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерден және қосалқы көлік қызметінен көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістер туралы, біржолғы сақтау сыйымдылығы туралы ақпарат (қоймалау және сақтау қызметтерін көрсететін кәсіпорындар толтырады), қайталама қызмет түрлері бойынша өндірілген өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі болып табылады.

Негізгі қызмет түрі жүкті қоймаға жинау және сақтау жөніндегі қызметті және тасымалдау кезінде қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын, сондай – ақ қайталама қызмет түрі-астықты қоймаға жинау және сақтау болып табылатын кәсіпорындар (заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері) статистикалық байқау бірліктері болып табылады.

(<https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-transport/spreadsheets/?year=2024&name=19212&period=year&type=sheets>)

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ӘҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ қызметкерлердің саны бойынша дара кәсіпкерлік субъектілерінің мөлшерлілігі жіктеуіші.
- 5) ӘСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Берілген жіктеуіштер Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторлық қамту

1. Қызметінің негізгі түрі - көлік (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 49-51-кодына сәйкес және Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес негізгі экономикалық қызмет түрі 52.23.2- кодына сәйкес) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдау бойынша қызметтің қосалқы түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, өзен көлігінде жолаушылар және жүктерді тасымалдауды, сондай-ақ теңіз және қалалық электр көлігімен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер ұсынады.

2. Қызметкерлерінің санына қарамастан, негізгі қызмет түрі – жүкті қоймалау және сақтау (Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 52.1-кодына сәйкес) болып табылатын және тасымалдау кезіндегі қосалқы қызмет түрлері (ЭҚЖЖ коды 52.2) сондай-ақ (ЭҚЖЖ коды 52.10.1) астықты қоймаға қою және сақтау – қосалқы қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері ұсынады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Көлік қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі №145 бұйрығымен бекітілген Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі негіз болып табылады.

Респонденттер тобы: Қызметінің негізгі түрі - көлік (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 49-51-кодына сәйкес және Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес негізгі экономикалық қызмет түрі 52.23.2-кодына сәйкес) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдау бойынша қызметтің қосалқы түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, өзен көлігінде жолаушылар және жүктерді тасымалдауды, сондай-ақ теңіз және қалалық электр көлігімен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, Қызметкерлерінің санына қарамастан, негізгі қызмет түрі – жүкті қоймалау және сақтау (Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 52.1-кодына сәйкес) болып табылатын және тасымалдау кезіндегі қосалқы қызмет түрлері (ЭҚЖЖ коды 52.2) сондай-ақ (ЭҚЖЖ коды 52.10.1) астықты қоймаға қою және сақтау – қосалқы қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.

Құралдар: «Көліктің қатынас түрлері бойынша жұмысы туралы есеп» (2-көлік индексі, кезеңділігі жылдық) және «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындары көрсететін қызметтер туралы есеп» (2-ТР (қосалқы қызмет) индексі, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысандары;

Байқау типі: жаппай;

Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуірге (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Электрондық түрде статистикалық нысанды толтыру «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «Респондент кабинеті» бөлімінде қолжетімді.

Нысан соңғы рет 2024 жылы қайта қаралды, статистикалық нысандар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «2025 жылға Статистикалық нысандар» / «Жылдық нысандар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

1. Жалпы пайдаланымдағы теміржол көліктегі статистикалық байқаудың объектілері жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, жылжымалы құрам, жол және жол шаруашылығы, тасымалданатын жүктердің сақталуы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер болып табылады.

2. Ішкі су көлігінде статистикалық байқаудың объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, флоттың, өзен және көл айлақтарының болуы, ішкі су кеме жолдарының ұзындығы, тиеу жұмыстары, өзен және көл кемелерін пайдалану көрсеткіштері, тасымалдау және ішкі су көлігінде көлік үдерісін жүзеге асырумен байланысты басқа қызметтің қаржылық нәтижелері болып табылады.

3. Теңіз көлігінде статистикалық байқаудың объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, флоттың, теңіз айлақтарының болуы, тиеу жұмыстары, теңіз кемелерін пайдалану көрсеткіштері, тасымалдау және теңіз көлігінде көлік үдерісін жүзеге асырумен байланысты басқа қызметтің қаржылық нәтижелері болып табылады.

4. Автомобиль көлігіндегі статистикалық байқаудың объектілері жүктер мен жолаушыларды тасымалдау, жылжымалы құрам, оны пайдалану, көлік жұмысының қаржылық нәтижелері болып табылады.

5. Құбыржол көлігіндегі статистикалық байқау объектілері жүк тасымалдау (газ, мұнай, мұнай өнімдері) және магистральды құбыржолдары болып табылады. Статистикалық байқау бірлігі магистральды құбыржолдарының иесі - кәсіпорындары болып табылады.

6. Жолаушыларды, жүктерді, пошта мен багажды тасымалдау, әуе кемелері паркі, әуе кемелері ұшуының тұрақтылығы, тасымалдау қызметінен түскен қаржылық нәтижелер әуе көлігіндегі статистикалық байқау объектілері болып табылады.

7. Қосалқы көлік қызметі бойынша статистикалық байқау объектілері сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерден және қосалқы көлік қызметінен көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістер туралы, біржолғы сақтау сыйымдылығы туралы ақпарат (қоймалау және сақтау қызметтерін көрсететін кәсіпорындар толтырады), қайталама қызмет түрлері бойынша өндірілген өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Жаппай зерттеу

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана)

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда көлік бойынша зерттеу 1991 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 1991-2024 жылдар аралығында уақыттық қатарлар бар. Уақыттық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Көлік» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың теңге

S.6 Есепті кезең

Күнтізбелік жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары;

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары;
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары;
7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары;
8. Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі №145 бұйрығымен бекітілді.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі;
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және

теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну ережесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 26-бабының 1,2-тармағына сәйкес, мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, соның ішінде машинамен оқылатын деректер форматында және статистикалық әдістемені мемлекеттік статистикалық органдарда оларды интернет-ресурста орналастыру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтар береді. Статистикалық жұмыс жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде қарастырылған барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында қолжетімді жерде орналастырылған.

Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушыға қол жеткізу

2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 26-бабының 1,2-тармағына сәйкес, мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, соның ішінде машинамен оқылатын деректер форматында және статистикалық әдістемені мемлекеттік статистикалық органдарда оларды интернет-ресурста орналастыру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтар береді. Статистикалық жұмыс жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде қарастырылған барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында қолжетімді жерде орналастырылған.

Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды

S.11.2 Жарияланымдар

1. «Қазақстан Республикасындағы көлік өнімдері мен қызметтері туралы» (қатынас түрлері бойынша) электрондық кестелер Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Көлік» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді;

2. Динамикалық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Көлік» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.11.3 Он-лайн режимдегі деректер базасы

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсы «Талдау» Ақпараттық-аналитикалық жүйесі / «Көлік статистикасы».

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын ұсыну ережесімен» реттеледі.

Сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын алуға өтінімді беру шарттары туралы ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Зерттеушілер үшін» бөлімінде орналасқан.

Өтінім қажетті құжаттарды қоса тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылады және беріледі.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі №145 бұйрығымен бекітілген «Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме» (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 тамызда №14124 болып тіркелді) Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» / «Көлік статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Көлік статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктемелерін пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматты-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

Көлік статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 15 шілдедегі №145 бұйрығымен бекітілген статистикалық әдіснамаға жатады.

Көлік статистикасы бойынша халықаралық ұсыныстар, Еуростат 2011ж. БҰҰ ЕЭК, ТМД Статкомитеті, Еуразиялық экономикалық комиссия Көлік статистикасы жөніндегі халықаралық сұрақнамаларды толтыру.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Қажеттіліктер

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар.

Статистикалық нәтижелер пайдаланушыларға мемлекеттік саясатты әзірлеу және бағалау, басқару шешімдерін қабылдау, жоспарлау, ғылыми зерттеулер және бизнесті талдау мен негіздеу үшін қажет.

S.14.2 Пайдаланушының қанағаттануы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді. (<https://stat.gov.kz/quiz/15128/>)

S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы – үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік пен сенімділік (бақылау түріне байланысты толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Көлік статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік зерттеу ықтимал қателіктерді азайтуға және бақылауға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Дегенмен, зерттеу ең жоғары ұқыптылықпен жүргізілсе де, статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер туындауы мүмкін. Мұндай қателер статистикалық байқау жүргізу барысында Облыстардың статистика департаменттері мен Ұлттық статистика бюросы арқылы анықталып, түзетіледі.

Дәлдік пен сенімділікке талдау соңғы бес жылдағы жолаушы айналымы мен жүк айналымы көрсеткіштері бойынша вариация коэффициенті арқылы есептелді. Вариация коэффициенті – бұл статистикада қолданылатын шама, ол кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының оның математикалық күтіміне қатынасына тең. Бұл көрсеткіш әртүрлі орташа мәні бар жиынтықтарда бір белгі вариативтілігін салыстыру үшін қолданылады.

Вариация коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$CV = (\sigma/k) * 100\%,$$

мұндағы:

σ – кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы;


k – кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада келесідей қағида қабылданған:

егер вариация коэффициенті 15%-дан аз болса, деректер тұрақты, шашыраңқылығы аз;

ал егер 30%-дан жоғары болса, деректердің ауытқуы жоғары, өзгермелі болып есептеледі.

Барлық көлік түрлерінің жүк айналымы




$$K = 486,72$$

$$\sigma = 29,73$$

$$CV = (29,73/486,72) * 100\% = 6,11\%$$

Қазақстандағы жүк айналымының вариация коэффициенті 2020–2024 жылдар аралығында 6,11%-ды құрады, бұл көрсеткіштің бірқалыпты тұрақтылығын көрсетеді. Жүк айналымының орташа мәнге қатысты өзгерістері аса үлкен емес. Бұл елдің көлік саласының көрсетілген кезеңдегі дамуының біртіндеп және болжамды түрде жүргенін дәлелдейді.

Барлық көлік түрлерінің жолаушылар айналымы



$$K = 61,02$$

$$\sigma = 16,45$$

$$CV = (16,45/61,02) * 100\% = 26,96\%$$

Қазақстандағы жолаушылар айналымының вариация коэффициенті 2020–2024 жылдар аралығында 26,96%-ды құрады, бұл көрсеткіштің жоғары өзгергіштігін көрсетеді. Бұл жолаушылар айналымының жыл сайын едәуір өзгеріп отырғанын білдіреді – әсіресе 2020 жылдан кейін күрт өсу байқалады, бұл COVID-19 пандемиясынан кейінгі қалпына келумен байланысты. Осылайша, аталған кезеңде жолаушылар тасымалы серпінді өсуімен сипатталады, бірақ жүк айналымымен салыстырғанда тұрақтылығы төмен.

S.15.2 Іріктеу қателері-индикаторлар/A1

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктеуге қатысы жоқ қате

Қолданылмайды

S.15.3.1 Қамтылу қатесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2.Артық қамтылу – үлесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3.Жалпы бірліктер – қатынасы

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап бермеу қатесі

S.15.3.3.1 A4.Жауап болмау бірлігі – үлесі

Қолданылмайды

S.15.3.3.2 A5.Жауап берілмеген тармақ – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақтылылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақтылылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер мәліметтерді тапсырған күннен бастап «Қазақстан Республикасында көлік өнімдері мен қызметтері туралы (қатынас түрлері бойынша)» электрондық кестесінің алғашқы жарияланымына дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге кеткен орташа уақыт 48 күнді құрайды. Электрондық кестедегі нәтижелер жыл сайын 29 мамырда Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады және түпкілікті болып саналады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Дәлдік

S.16.2.1 Дәлдік/ТРЗ

Деректер Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады, олар Бюро Басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Нақты және жоспарланған күндер техникалық ақауларға байланысты сәйкес келмей қалуы мүмкін. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, ол келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалылық

Қазақстан Республикасы өңірлерінің арасындағы деректер салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметриясы - коэффициент/СС1

Қолданылмайды

S.17.2 Салыстырмалы уақыт қатарларының ұзақтығы/СС2

1991–2024 жылдар аралығындағы уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында келесі бөлімдерде қолжетімді: «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Көлік» / «Динамикалық қатарлар».

S.18 Үйлесімділік


S.18.1 Сыртқы, кросс-үйлесімділік

Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі халықаралық ұсынымдарға (Германия Федеративтік Республикасы мен Дания Корольдігі) сәйкес әзірленген. Бұл ұсынымдар КАЗСТАТ жобасы (ұлттық статистикалық жүйені нығайту жобасы) аясында алынған және Евростат стандарттарына сай келеді.

S.18.2 Ішкі үйлесімділік

Тасымалданған жолаушылар көлемі мен жолаушылар айналымының үйлесімділігі төменде көрсетілген.

Барлық көлік түрлері бойынша жолаушыларды тасымалдау көлемі мен жолаушылар айналымының салыстырмасы



2020–2024 жылдар аралығында Қазақстанда жолаушыларды тасымалдау көлемі мен жолаушылар айналымының тұрақты өсімі байқалады:

- Тасымалданған жолаушылар саны 79,3%-ға артты (989,6 млн адамнан 1773,9 млн адамға дейін).
- Жолаушылар айналымы 2,1 есе өсті (36 698,6 млн ж.п.-км-ден 79 342,3 млн.ж-км-ге дейін).

Бұл тек жолаушылар санының артқанын ғана емес, сонымен қатар орташа жол жүру қашықтығының да 2020 жылы 37,1 км-ден 2024 жылы 44,7 км-ге дейін ұлғайғанын білдіреді. Осылайша, сұраныс құрылымы ұзақ қашықтыққа сапарларға қарай ығысып жатыр. Бұл көлік инфрақұрылымының жақсаруы, қалааралық және өңіраралық қатынастардың дамуы, пандемиядан кейін халықтың қозғалыс белсенділігінің қалпына келуімен байланысты. Бұл – оң үрдіс, ол халықтың қозғалыс географиясының кеңейіп жатқанын және еліміз ішінде көліктік қолжетімділіктің артып келе жатқанын көрсетеді.

S.19 Жүктеме

Деректер респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде де, қағаз тасығышта да жиналады. Онлайн режимде деректер жиналған жағдайда, деректерді енгізу кезінде жиі кездесетін қателіктерді болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылау жүйелері қарастырылған. Ақпаратты өңдеу процестері автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпараттарына бақылау жүргізіледі. Есеп беру формасын толтыруға жұмсалатын орташа уақыт – 1–2 сағат. Басқа зерттеулермен

деректердің қайталануы жоқ. 2024 жылы 18 052 респондент есеп берді. Қосымша әкімшілік дереккөздер де қолданылады:

- Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі,
- Жергілікті атқарушы органдар,
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті,
- Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Темір жол және су көлігі комитетіне қарасты «Қазақстан порттарының теңіз әкімшілігі» РММ,
- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі,
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

2025 жылы 2024 жылға арналған деректер қайта жарияланды. Бұл Бюроның аумақтық бөлімшелерінен 2-көлік нысаны бойынша есептілікке түзетулер енгізу қажеттігін көрсететін нақтылаушы хаттардың келіп түсуіне байланысты жүзеге асырылды. Өзгерістер «Е-Статистика» ИАЖ-дегі «Жинау 3.0» жүйесі арқылы жиналған статистикалық деректерді нақтылау және жетілдіру нәтижесінде орын алды. Деректерді қайта жариялау ресми статистиканың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Көлік статистикасы бойынша ақпарат респонденттердің бастапқы есептілігінің негізінде қалыптасады: 2-көлік нысаны «Көліктің қатынас түрлері бойынша жұмысы туралы есеп» және 2-ТР (қосалқы қызмет) нысаны «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындары көрсететін қызметтер туралы есеп».

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылдық

S.21.3 Бастапқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Көлік статистикасы бойынша статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз тасығышта жүзеге асырылады. Электрондық түрде толтыру «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі, ол Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «Респонденттің кабинеті» бөлімінде қолжетімді.

S.21.4 Бастапқы статистикалық деректердің шынайылығы

Деректер сапасын жақсарту, статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру және кейбір сұрақтар бойынша жауаптардың болмауын азайту мақсатында бастапқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде шынайылығына тексеру жүргізіледі, бастапқы статистикалық ақпаратты өңдеу бағдарламалық қамтамасыз етулеріне түрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында және бөлімдер ішінде.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Деректерге түзету статистикалық байқау өткізу барысында тікелей жүргізіледі.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Қолданылмайды

S.22 Ескертпелер

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет.